

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ
АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**



**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ
АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**

Тақырыбы: Бруцеллез

Алматы, 2016 жыл

Жоспар:

1. Кіріспе

2. Негізгі бөлім

- Бруцеллез туралы түсінік
- Этиологиясы
- Патогенез
- Емі

3. Қорытынды



Бруцеллез – Brucella бактериясымен қоздырылатын, зооноздар тобына жататын, жедел және созылмалы түрлерінде өтетін инфекциялық-аллергиялық ауру. Аурудың жедел түрі токсико-бактериемиялық инфекция ретінде, созылмалы түрі – полиморфты клиникалық көріністермен, көбінесе сүйек-буын, орталық және перифериялық жүйке жүйелерін, жыныс мүшелерін және басқа ішкі ағзаларды зақымдаумен сипатталады.



Этиологиясы

Brucella тұқымдастығының 6 түрін ажырату қажет.

1. *B. melitensis* – иесі ұсақ мүйізді қара мал: қой, ешкі. Патогенділігі жоғары, адамдардың арасында эпидемия шақырады.
2. *B. abortus* – иелері сиыр. Адамдар арасында спорадикалық ауру шақырады. Осы қоздырғыштан тірі вакцина жасалған.(BA-19)
3. *B. Suis* – иелері шошқа, қоян, бұғылар.
4. *B. Ovis* – қойдың инфекциялық эпидидимиттің қоздырғышы. Адам үшін патогендік әсері бар.
5. *B. Canis* – иесі ит. Адам үшін патогенді әсері бар.
6. *B. neotomae* – иесі далалық тышқандар, адам үшін патогенділігі зарттелмеген. Соңғы екі түрі АҚШта бөлінген

Барлық жерде кең таралған. Инфекция көзі: ұсақ мүйізді, ірі қара мал, шошқалар, маралдар және адамдар. Таралу механизмі: фекальды-оральды. Берілу жолдары: қатынас арқылы (зақымдалған тері)

- алиментарлық
- ауа-шаң (аэрогенді)

Көбінесе малшылар, шопандар, ауыл тұрғындары ауырады.



Патогенез

Бруцеллалар ағзаға тері немесе шырышты қабаттар арқылы енеді, сосын макрофактормен ұсталып, сол жерде көбейеді де, лимфа ағынымен регионарлық лимфа түйіндеріне енеді. Содан соң қан тамырлар арқылы бүкіл ағзаға жайылады. Патогенезінде инфекцияның дамуы бес фазадан өтеді:

- лимфогенді фаза
- гематогенді фаза
- көп ошақты себу жайылу фазасы
- экзоошақты себу фазасы
- метомфоз фазасы

Әр фазаның көрінуі және олардың дамуы организмнің индивидуальды ерекшелігіне байланысты, кіру жеріне, түріне қоздырғыш дозасына және зақымдану шартына байланысты.

Клиникасы

Ол ыстық көтеріліп, қалтырап дірілдеуден басталуы мүмкін, бірақ әдетте бірте-бірте, тез шаршау, әлсіздік асқа тәбеттің болмауы, бастың асқазанның буындардың ауыруы формасында өрбиді.

Ыстықтың көтерілуі жеңіл және ауыр формада болуы мүмкін. Түстен кейін қалтырап-дірілдеу және ертеңгісін малшынып терлеп қалу бұл ауруға тән белгі. Созылмалы бруцеллёзде ыстық бірнеше күн басылады да сосын қайта көтеріледі. Тиісті ем қолданбаса, бірнеше жылға созылуы мүмкін.

Мойында, қолтықтың астында, шапта ісінген лимфа түйіндері пайда болуы мүмкін.



Клиникалық симптомдары
орташа алғанда 2-3 апта өтуімен
сипатталады. Жіктелуі:

Ағымы бойынша:

жеңіл

орташа

ауыр

латентті

Ұзақтығы бойынша:

жедел (3 айға дейін)

жеделдеу (6 айға дейін)

созылмалы (6 айдан кейін)

ирезидуальды



Диагностикасы

- 1.бактериологиялық: гемакультура жұлын сұйықтығы, синовиальды сұйықтықты қолдану
- 2.биологиялық (теңіз шошқаларын зақымдау)
- 3.иммунды ферментті анализді антиген, антидене табу үшін
- 4.агрегатгемаглютинация әдісі (АГАР)
серологиялық әдіс: комплемент байланыстыру реакциясы (КБР)
- 5.аллергиялық әдіс (ГЗТ)-Бюрне сынама

Емдеу жолы

Этиотропты: рифампицин, доксициклин, тетрациклин
қабылдауға қарсы: вольтарен, напроксен
дезинтокциялық: тек ауыр түрінде
антигистаминді
иммунды жүйені қалыптастыру: левамизол, тимамен
витаминтерапия
физио және симптомдық
санаторлы-курорттық

Бруцеллөзден сезіктенсеңіз дәрігерден кеңес алыңыз, өйткені көп жағдайда бұл ауру-мен басқа аурупарды шатастырады, ал емдеу үшін көп уақыт та, қаржы да шығын болады.

Тетрациклинмен емдеңіз: ересектер: 250 миллиграмдық капсулды күніне 4 рет екі түйірден үш апта ішу керек. Сақтану шараларын орындаңыз. Немесе ко-тримоксазол ішіңіз.

- **Диспансеризация**

Жедел және жеделдеу түрінде 3 жыл. Созылмалы түрінде әр 3 ай сайын тексерілуі керек.

- **Алдын алу**

Қайнатылған немесе пастерленген сүтті ішіңіз. Бруцеллөз тараған жерлерде қайнатыпмаған сүттен дайындалған ірімшікті жеуден тартынған жөн.

Ауру малдарды бағып-күткен кезде аса сақ бопыңыз, әсіресе сіздің денеңізде жы-рылған немесе тілінген жер болса.

Ветеринария қызметкерлерімен кеңесіңіз, қолыңыздағы малдың денсаулығын қадағалап отырыңыз.